

«БІЛІМ БЕРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ: БАЛАБАҚША-МЕКТЕП САБАҚТАСТЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР-ПРАКТИКУМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ 2025 жылғы жұмыс жоспарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үндестіру мақсатында тірек балабақшалары, тірек консультативтік пункттер, тірек мектептер арасындағы өзара іс-қимылды іске асыру бойынша Қадамдық іс-шаралар жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 09 желтоқсанында Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең келешек мектебі базасында «Білім беру кезеңіндегі үздіксіз білім беру: балабақша-мектеп сабақтастығы» тақырыбында республикалық семинар-практикум (бұдан әрі – Семинар-практикум) офлайн форматта өткізді.

Мақсаты мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлеріндегі үндестік пен сабақтастықты қамтамасыз етуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

Семинар–практикумға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы мамандары, қалалық, аудандық білім бөлімдерінің, облыстық білім басқармасының мамандары, әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің әдіскерлері, ЖОО және ТЖКББ оқытушылары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтері қатысты.

Семинар–практикумға республика бойынша 240-ға жуық педагог қатысты.

Жұмыстың негізі бағыттары:

1. Мектепке дейінгі және бастауыш білім: мазмұндық, сабақтастық және интеграция;
2. Балабақша –мектеп: құндылыққа негізделген тәрбие сабақтастығы («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында);
3. Психологиялық-педагогикалық қолдау және бейімделу. Мектепке бейімдеу кезеңіндегі қиындықтар мен шешу жолдары;
4. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің кәсіби сабақтастығы. Педагогтердің өзара іс-қимылы мен тәжірибе алмасуы бағытында тәжірибе алмасу алаңдары жұмыс істеді.

Республикалық семинар-практикумның пленарлық бөлімінде:

- М.Н.Ерманова, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты директоры «Мектепке дейінгі және бастауыш білім сабақтастығын қамтамасыз ету: сапалы білім кепілі» тақырыбында баяндама жасады;

- А. А.Толубекова, Алматы облысы білім басқармасының басшысы «Мектеп пен балабақшадағы кәсіптік оқыту мәселелері: жаңаша көзқарас пен парадигмалар»;

- Т.Р.Абишев, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Тәрбие теориясы және әдістемесі орталығының директоры «Құндылыққа бағытталған

білім беру – сапалы тәрбиенің өзегі»;

- Қ.К. Нұрлыбаев, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты директоры, «Балабақша мен мектеп педагогтерінің кәсіби дамуындағы сабақтастық: тиімді тәжірибелер мен жаңа бағыттар»;

- А.М.Жұбандықова, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің мектепке дейінгі білім беру кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, п.ғ.к. профессор м.а. «Балаларды ерте жастан дамыту және отбасын зерттеу»;

- Г.Т. Абитова, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті PhD докторы, қауымдастырылған профессор «Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіпке баулудың замануи тәсілдері» тақырырыптарында баяндама жасады.

1-секция Мектепке дейінгі және бастауыш білім: мазмұндық, сабақтастық және интеграция бойынша:

Павлодар қаласы, №10 сәбилер бақшасы-«ZAMANSTAR», Қызылорда облысы, Қазалы ауданы «Шаттық» мектепке дейінгі білім беру ұйымы, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, «Ұлан» бөбекжай-балабақшасы, К.Әзірбаев атындағы №15 орта мектебі, Қонаев қаласы, «Ақдидар» бөбекжай балабақшасы, «Нұрбөбек» балабақшасы, Райымбек ауданы, Көксай орта мектебі, «Балдәурен» шағын орталығы, «Әдемі» санаторлық топтарымен бөбекжай балабақшасы басшылары мен педагогтері мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастық, жаңа форматтағы білім беру кеңістігі, туралы өзара тәжірибе алмасты.

2-секция Балабақша-мектеп: құндылыққа негізделген тәрбие сабақтастығы («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында) бойынша:

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, №37 балабақша, №50 жалпы орта білім беретін мектеп, Алматы облысы, Іле ауданы, екпінді ауылы № 2 орта мектеп, Еңбекшіқазақ ауданы әдістемелік орталығы, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, «Айгөлек» бөбекжайы, Қарасай ауданы «Айгөлек» балабақшасы тәрбиешісі, Жамбыл ауданы «Аққайың» бөбекжай-балабақшасы, Талғар ауданы №7 «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы, Райымбек ауданы, К.Байшығанұлы атындағы орта мектеп «Балдәурен» шағын орталығы әдіскерлер, педагогтері ата-анамен педагог бірлестігі, мектепке дейінгі білім беру мектеп арасындағы кәсіптік тәрбие, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын кіріктіру, еңбекке тәрбиелеу туралы өз тәжірибелерін ұсынды.

3-секция Психологиялық-педагогикалық қолдау және бейімделу, мектепке бейімдеу кезеңіндегі қиындықтар мен шешу жолдары бойынша: Алматы облысы әдістемелік орталығы, Талғар ауданы, №7 «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы, Іле ауданы «Әдемі» бөбекжай-балабақшасы, Жамбыл ауданы Қарғалы №2 мамандандырылған лицей, Жамбыл ауданы «Күншуақ» бөбекжай бақшасы, Қонаев қаласы «Балдәурен» бөбекжайы, Қаскелең қаласы «Ерке-Нұр» бөбекжай-балабақшасы психологтері мен педагогтері мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілердің бейімделуі, ойын мен зерттеу әрекеті арқылы мектепке бейімдеу тәжірибелерін ұсынды.

4-секция Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің кәсіби сабақтастығы: педагогтердің өзара іс-қимылы мен тәжірибе алмасуы:

Шымкент қаласы, «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы, Қызылорда қаласы,

«Алпамыс» бөбекжай–бақшасы, Еңбекшіқазақ ауданы «Бәйтерек» бөбекжай-балабақшасы, Талғар ауданы ЖШС «Еркем-ай Алматы» мектебі педагогтері мектепке бейімделу туралы өз тәжірибелерін ұсынды.

Республикалық семинардың соңында қатысушылармен еркін микрофон арқылы кері байланыс жүзеге асырылып, қорытынды шығарылды.

Семинар-практикум аясында мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлерін үндестіру мен сабақтастық бойынша педагогтердің жан-жақты жұмыстары көрсетілді.